

Жамбыл облысы Шу ауданы Дулат селолық округінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 277 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-10 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 2909 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. "Қойайдар" жер қорынан жалпы көлемі 1 317,0 гектар жайылымдық жер учаскелерін қосу жолымен Жамбыл облысы Шу ауданы Дулат селолық округінің әкімшілік шекарасы (шегі) қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау Жамбыл облысы мәслихатының аймақты, әкімшілік-аумақтық құрылымды, ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері және жер учаскесін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау жөніндегі тұрақты комиссиясына және Жамбыл облысы әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс Әкімі

Облыстық мәслихаттың сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың

К. Көкрекбаев

А. Еділбаев

Б. Қарашолақов

Жамбыл облысы әкімдігінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 277 қаулысы мен
Жамбыл облысы мәслихатының
2015 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 43-10 шешіміне қосымша

Жамбыл облысы Шу ауданы Дулат селолық округі әкімшілік шекарасы жерлерінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы жер көлемі (гектар)	Оның ішінде					бөгде жер (гектар)
			барлығы ауыл шаруашылық алқаптары (гектар)	оның ішінде				
				егістік барлығы (гектар)	суармалы егістік (гектар)	көпжылдық екпелер (гектар)	Жайлымдық (гектар)	
1	Жер балансы бойынша Дулат селолық округінің жер көлемі	2559	2188	124	124	2	2062	371
2	"Қойайдар" жер қоры	1 317	1317				1317	
3	Дулат селолық округінің шегі өзгертілгеннен кейінгі жер көлемі	3876	3505	124	124	2	3379	371

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК